

2012 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 20 маусымдағы N 18/05 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 18 шілдеде N 8-11-142 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31 бабы 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-2) тармақшасына сәйкес жұмысқа орналастыруға мұқтаж мүгедектерді жұмысқа қабылдау және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының жалпы санынан үш пайыз мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.
2. "Бұқар жырау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Н.Г. Алексеева) квоталанған жұмыс орындарына мүгедектердің жұмысқа орналасуына жәрдем жасасын.
3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ш. Мамалинов